

Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округінің Еркіншілік ауылында көшелерді қайта атау туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 ақпанда № 5766 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4)-тармақшасына сәйкес, халықтың пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Еркіншілік ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақмола облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік ауылдық округінің Еркіншілік ауылында көшелер қайта аталсын:

1) Пристанционная көшесі Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесіне;

2) 60 лет Казахстана көшесі Ыбырай Алтынсарин көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Еркіншілік ауылдық
округінің әкімі*

Ж.Амангелдінов